ТАТУЛЫҚТАН АРТЫҚ ТАҒЫЛЫМ ЖОҚ

# ШУ ӨҢІРІ

## ШУСКАЯ ДОЛИНА

АЙМАҚТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ (Жамбыл облысы)

№33 (9317) / Сенбі / 13 сәуір 2019 жыл / www.shuoniri.kz / Газет 1935 жылдың 16 маусымынан шығады

*«Осыған дейін жасалған кардиологиялық және нейрохирургиялық кластерлердің тәжірибесін пайдаланып, 2019 жылы Астанада Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықтың құрылысын бастау керек.*

*Осылайша, біз көптеген адам өмірін сақтап қаламыз».*

*(Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауынан)*

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ
ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ

## Ұлтжандылықты ұлықтайды

Тарих - өткен күндердің естелігі. Ол бүгінгінің жемісі. Ұлы даланың тарихы ұлан-асыр. Бұл тұста көптеген ауыз әдебиетінің тарихында қалған батырларымыз, ел билеген хандарымыз, билер мен айтыскер ақындар, жыршы-термешілер мен халық арасынан шыққан, ел аузында қалған кейіпкерлер туралы кеңінен әңгімелеуге болады. Өйткені, мұның барлығы ел тарихының бөлшегі.

Қазіргі кезде адамдардың таным-түйсігінде кино өнері ерекше орында. Себебі, кино арқылы өткен күндердің елесін көруге мүмкіндік бар. Кино арқылы батырларымыз

• ЕЛБАСЫ •

## Бұл сайлау тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажет



Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Nur Otan» партиясының орталық аппаратына барып, оның қазіргі жұмысымен танысты және құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің қатысуымен кеңес өткізді. Елбасы Нұрсұлтан Назарба-... болған соңғы саяси оқиғаларға байланысты

қажетті жұмыстардың бәрін жылдам іске асыруға тиіс. Партиямыздың атынан кандидатура ұсынғаннан кейін Қоғамдық сайлау штабының жұмысын ұйымдастыру қажет. Бұл жұмыспен менің бірінші орынбасарым Мәулен Әшімбаев айналысады,–деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаевтың айтуынша, сайлауды ел ...

## ЕЛІМІЗДЕ

### «АЛТЫН АДАМ» ҚЫТАЙДЫҢ ІРІ МУЗЕЙІНЕ ҚОЙЫЛДЫ

Бейжіңде ашылған «Жібек жолы бойындағы мемлекеттік музейлердің игілігі» көрмесіне «Алтын адам» мен Қазақстан ұлттық музейінің басқа да жәдігерлері қойылды.

Жәдігерлер ҚХР-дағы ең ірі және әлемде адамдар ең жиі баратын музей – Қытай ұлттық музейінде ұсынылды. Қазақстанмен қатар, Ресей, Моңғолия, Тәжікстан, Румыния, Словения, Польша, Латвия, Оман, Камбоджа, Жапония және Оңтүстік Корея музейлері өз артефактілерін көрсетті.

«Біз мұнда «Алтын адам» жинағының ең аз бөлігін алып келдік. Мемлекеттің қолдауының арқасында біздің коллекциямыз ұдайы өсіп отырады. Қазіргі уақытта еліміз аумағында археологиялық қазба жұмыстарының барысында жетінші «Алтын адам» табылды. Біз биыл «Алтын адамның» әлем музейлерін аралауы» халықаралық жобасы аясында «Алтын адамды» Ресейде (Татарстан), Оңтүстік Корея мен Өзбекстанда көрсеттік. Әрі қарай оны Италия, Малайзия, Македония, Ұлыбритания, Түркия және Грекияда ұсынатын боламыз».-деді ҚР Ұлттық музейі халықаралық байла-

Аристотельден кейінгі дүниежүзілік білім мен мәдениеттің екінші ұстазы атанған – Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Қазақстан Республикасындағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Ел тарихында тұңғыш рет Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының лауреаты, өнімдер мен қызметтердің сапасы саласындағы жетістіктері үшін ТМД сыйлығының дипломанты, IQNet халықаралық сертификаттау жүйесінің әлемдік сертификаттау орталығының куәлігін алды. Қазіргі таңда еліміздегі ірі білім және ғылым ордаларының да алдыңғысы болып саналады.

1934 жылы іргетасы қаланған әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті – Қазақстанның жетекші классикалық университеті білім мен ғылымның ірі орталығы, жоғары оқу орындарының көшбасшысы. Бүгінде университетімізде 25 000-ға жуық студент білім алады. 16 факультеттен, 67 кафедрадан, 32 ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтар, технопарктен тұратын университетте 3000 жуық профессор, доктор, ғылым кандидаттары мен философия докторлары студенттерге білім береді. Университет 180-нен астам мамандық бойынша даярлайды. ҚазҰУ-де көпсалалы білім беру жүйесі қалыптасқан: жоғары базалық білім (бакалавр дәрежесі), жоғары профессионалды білім (магистр), аспирантура және докторантура.

Университеттің құрамындағы факультеттер:

- Биология және биотехнология;
- Шығыстану;
- География және табиғатты пайдалану;
- Журналистика;
- Халықаралық қатынастар;
- Механика-математика;
- Физика-техникалық;
- Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру;
- Филология және әлем тілдері;
- Химия және химиялық технология;
- Заң;
- Медицина және денсаулық сақтау;
- Ақпараттық технологиялар.

Оқу ордасында «бакалавр – магистр - PhD» түрінде үш сатылы мамандар дайындайтын INTRANET жүйесі бар. Университетте еліміздегі аса ірі желісіне қосылған, 3500 заманауи компьютерден тұратын ақпараттық жүйе құрылған, сондай-ақ компьютерлік сыныптар мен интернет залдар жұмыс істейді. Университет әлемдік білім кеңестігінде интеграциялауға, жоғарғы білікті мамандарды даярлауға, өндіріске енгізілетін іргелі және қолданбалы зерттеули дамытуға бағытталған кең көлемдегі ғылым, білім, рухани-тәрбиелілік, инновациялық және өндіруші негізіне ие. Университеттің миссиясы – еліміздің қоғамдық өмірі мен ғылымына, экономиканың маңызды бағыттарының қарқынды даму мәселелерін шешуге бағытталған заманауи, жоғары білімді, бәсекеге қабілетті мамандар буынын қалыптастыру.

**Зарина АДАНБЕКОВА,**
**ҚазҰУ-дың заң факультетінің меңгерушісі.**

...да көбейді. Осыған байланысты аудан басшылары «Бота-борым» колхозының орталығынан жеті жылдық мектеп салу жөнінде шешім қабылдады. Мектеп құрылысы 1949 жылы ерте көктемнен басталып, оқу жылының басталуына дейін дайын болды. Мектепке «Бота-борым» жеті жылдық мектебі атағы берілді. 1949 жылдың 1 қыркүйегінде мектеп алғашқы оқушыларын қабылдады.

Қорыта келгенде, биыл, яғни, 2019 жылы Ә.Молдағұлова атындағы шағын орталықты орта мектебіне нақты 70 жыл толатынын атап айтқым келеді. Осыған орай, мектепте мерейлі белеске сәйкес игі шаралар ұйымдастырылса, нұр үстіне нұр болар еді.

**Төлепберген БЕКНАЗАРОВ,**
**Шу қаласының және**
**Шу ауданының Құрметті**
**азаматы,**
**Жамбыл облысының**
**құрметті ардагері.**

# Қолдау білдіремін

Аудандық «Шу өңірі» газетінің үстіміздегі жылғы 2 наурызда жарық көрген №21 санында ауданымыздың өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан Сәруархан Зәуірбековтың «Ұлы бабамызды ұлықтайық» атты мақаласы жарияланған екен.

Осы мақаланы оқи отыра, келер жылы ауданымыздың 90 жылдығы және Шу қаласының 60 жылдық мерейтойына орай Бәйдібек бабамыздың ескерткішін орнату туралы ұсынысын мен де қолдадым және көпшілікті де осы ұсынысты қолдауға шақырамын.

Бұл ұсыныс өте орынды. Біз бабалар жолын жалғаушы ұрпақпыз. Олардың ел үшін еміренген, жер үшін тер төккен батырлық үлгілерін тым болмағанда осылай насихаттасақ, бізден кейінгі ұрпақ та үлгі тұтып өтер еді...

**Тамаша РАСИЛОВ,**
**Шу ауданының Құрметті**
**азаматы.**